

Кейбір ұйымдарды Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағына беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 қазан N 1596. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.01. N 309 қаулысымен. ~P010309

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге (1-қосымша) сәйкес ұйымдар Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағына берілсін және ол мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ берілген мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне "Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы", "Қазқараметавтоматика" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын берсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.05. N 186 қаулысымен. P 0 1 0 1 8 6 _

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың қоса беріліп отырған тізбесіне сәйкес (2-қосымша) іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда көрсетілген бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігін қаржыландыруды Ғылым және жоғары білім министрлігіне 1999 жылға арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегінде қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) берілген мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999

жылғы

24

қазандағы

№

1596

қаулысына

1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.05. № 186 қаулысымен.

Р 0 1 0 1 8 6 _

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және
сауда министрлігінің қарамағына берілетін ұйымдардың
Тізбесі

р/с N	Ұйымдардың атауы	Орналасқан жері
1	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Курчатов қаласы
2	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Алматы қаласы
3-8		
9	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің	Алматы қаласы

- "Машина жасау" салааралық ғылыми технологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
- 10 Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қарағанды қаласы
- 11 Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Арнайы жобалау-құрастыру және технологиялық бюросы тәжірибелік өндірісімен" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы

12

- 13 Қазақстан Республикасының Радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" ашық акционерлік қоғамы Алматы қаласы

14

15

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 24 қазандағы N 1596 қаулысына
2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.05. N 186 қаулысымен.

Р 0 1 0 1 8 6 _

Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар

Тізбесі

1. Қазақстанда атом энергетикасының дамуы
2. Осы заманғы телекоммуникация және байланыс жүйелерін құру
3. Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған тау-кен металлургия кешенінің тұрақты жұмыс істеуі мен стратегиялық басымдылықтарын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету
- 4.
- 5.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК